



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТЫ / ЖОБАНЫ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ БОЙЫНША ЕРЕЖЕ

Алматы
2019 жыл

Мазмұны

Құжаттың паспорты.....	- 2 -
Келісім парағы.....	- 2 -
1. Жалпы ереже.....	- 3 -
2. Дипломдық жұмыстардың / жобалардың тақырыбын қалыптастыру, бекіту және жетекшілерін тағайындау	- 4 -
3. Қорытынды ережелер	- 5 -

Құжаттың паспорты

Құжаттың атауы:	Ереже
Қысқаша сипаттама:	Ереже бакалавриат бағдарламалары бітірушілерінің дипломдық жұмысының / жобаларының орындалуының ұйымдастырушылық-әдістемелік нормаларын белгілейді
Тақырып:	Ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету
Дәрежесі:	Қолданыста
Бекіту мерзімі:	_____ 2019 ж.
Іс-әрекеттің аяқталу мерзімі:	Жойылғанға дейін немесе жаңа қабылданғанға дейін
Аудит мерзімі:	Қажет болғанда
Аудитке жауапты:	Оқу-әдістемелік басқарма бастығы

Келісім парағы

Ректордың құқықтық мәселелері бойынша кеңесшісі

С.Г. Буянский

Академиялық қызмет жөніндегі проректор м.а.

М.А. Скиба

1. Жалпы ереже

- 1.1. Осы дипломдық жұмысты / жобаны даярлау және орындау бойынша Ереже (әрі қарай Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» (2007 жылғы 27 шілдедегі өзгерістері мен толықтырулар) Заңына; Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерістерін ұйымдастыру Ережесі (ҚР білім жән ғылым Министрінің 2018 жылы 12 қазандағы №563 бұйрығымен бекітілген); Білім беру ұйымдары қызметінің Үлгі ережелеріне сәйкес (ҚР білім жән ғылым Министрінің 2018 жылы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген); Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттары (ҚР білім жән ғылым Министрінің 2018 жылы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген) негізінде құрастырылған.
- 1.2. Ереже бұрын қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттардың аудиті негізінде жасалынған және бакалавриат бағдарламалары бітірушілерінің диплом жұмыстарын / жобаларын орындауының ұйымдастырушылық-әдістемелік нормаларын белгілейді.
- 1.3. Қолданылатын анықтамалар (бұл тұжырымдар мектеп / білім беру бағдарламалары деңгейінде әдістемелік нұсқаулықтарды әрі қарай дамыту үшін ұсыныс сипатында қолданылады):

Дипломдық жұмыс - бұл мамандық бойынша зерттеу сипатындағы бітіру біліктілік жұмысы. Сонымен қатар, жұмыстың едәуір бөлігі таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді теориялық талдауға арналады (literature review). Теориялық бөлімнен басқа, қарастырылып отырған мәселенің анықталуын көрсететін аналитикалық бөлімі бар. Деректерді талдау негізінде (жұмыстың аналитикалық бөлігі) қорытынды жасаумен қатар автордың қарастырылып отырған мәселеге жеке көзқарасы және ұсынысы қарастырылады.

Дипломдық жоба - тұтастай алғанда, мамандықтың бағыты бойынша белгілі бір өнімді (өндірістік, банктік, туристік, қаржы құралы және т.б.), жаңа құралды енгізудің әдісі мен әдістемесін ұсынады. Жобаның теориялық бөлімінде жобаның мәні туралы жалпы сипаттама болуы немесе болмауы мүмкін (ол неге бағытталған, не үшін жасалып жатыр, кім үшін әзірленіп жатыр және т.б.). Дипломдық жобаның едәуір бөлігі есептік-техникалық бөлімге беріледі (маркетингтік әзірлемелер, көрсеткіштердің қаржылық есебі, ендіру мүмкіндігі, бюджет және т.б.). Дипломдық жобада бар мәселелер туралы қорытынды жасалмайды, бірақ шығынсыз, өтелімді, тәуекелдерді және т.б. көрсететін әртүрлі есептеулер келтіріледі.
- 1.4. Бітіруші түлектер дипломдық жұмыс / жоба орындау және қорғау кезінде: білімділік деңгейін (жалпы ой-өрісін, кәсіби біліктілігін, арнайы және мамандандырылған білімін); кәсіби құзіреттілігін (мамандығы бойынша қолданбалы міндеттерді өздігінен шешу үшін алған білімдерін қолдана алуы); топпен жұмыс істей алу қабілетін және жобалық топ ішінде, сондай-ақ оның шегінен тыс жерлерде ортақ тіл табыса білуін; өз ойын нақты дәлелдермен баяндай алуын, өзінің идеялары мен ұсыныстарын айта және қорғай білу қасиеттерін көрсетуі керек.
- 1.5. Келтірілген барлық мәліметтердің дәлдігі мен объектілігіне дипломдық жұмыстың / жобаның авторы жауапты. Дипломдық жұмыстың / жобаның толықтығы мен сапасына, сонымен қатар қабылданған шешімдерге студенттермен бірге дипломдық жұмыстың / жобаның ғылыми жетекшілері де жауапты болады.
- 1.6. Дипломдық жұмысты / жобаны дайындау барысында біреудің ойын өзгертіп қолдануға, плагиатқа тыйым салынады. Барлық дипломдық жұмыстар / жобалар

плагиатты анықтау және көшірудің алдын алу мақсатында бекітілген регламентке сәйкес (STRIKEPLAGIARISM.COM. жүйесінің базасында) алдын-ала плагиатқа тексерістен өтуі тиіс.

- 1.7. Дипломдық жұмыстар/жобалар тақырыпқа және тапсырыс берушілерге байланысты пәнаралық (2 және одан да көп мамандықтарды қамтитын) болуы да, сондай-ақ бір ғана білім беру бағдарламасынан да болуы мүмкін.

2. Дипломдық жұмыстардың / жобалардың тақырыбын қалыптастыру, бекіту және жетекшілерін тағайындау

- 2.1. Дипломдық жұмыстың / жобаның тақырыбы өзекті болып табылатын мәселені шешуді есепке ала отырып бітіртуші ғылыми білім беру департаменттерімен (әрі қарай ҒББД) құрастырылады. Сонымен қатар, тақырыпты құрастыруға бизнес-әріптестерді тарту құпталады. Білім алушылар өз бетінше ғылыми жетекшілерімен бірге дипломдық жұмыстың / жобаның тақырыбын құрастыра алады.
- 2.2. Мектеп Кеңесінде қаралып, бекітілген диплом жұмыстарының / жобаларының тақырыптары барлық мүдделі тұлғалардың назарына ұсынылады.
- 2.3. Дипломдық жұмыстың / жобаның жетекшісі тақырыбы көрсетіле отырып әр білім алушыға ректордың немесе академиялық қызмет жөніндегі проректордың бұйрығымен бекітіледі. Сонымен бірге, ғылыми жетекшілер білім беру қызметіне қойылатын Біліктілік талаптарымен белгіленген нормаларына сәйкес болуы керек (Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы 2018 жылғы 19 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулар): Бакалаврларға ғылыми жетекшілікті «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» ғылыми дәрежесі бар немесе «философия докторы (PhD)» академиялық дәрежесі бар немесе «философия докторы (PhD)» дәрежесі бар немесе «бейіні бойынша докторы» кадрларды дайындау бейініне сәйкес бейіні бойынша, ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі кемінде үш жыл, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық ғылыми басылымдарда соңғы бес жылда екі ғылыми еңбегі бар, сондай-ақ оқулықтар немесе оқу құралдарының авторы болып табылатын профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі - ПОК) жүзеге асырады.
- 2.4. Дипломдық жұмыстардың / жобалардың тақырыптары мен жетекшілерін бекіту туралы бұйрықты, студенттердің арыздары негізінде ҒББД директорларының келісімімен Тіркеуші Офис дайындайды.
- 2.5. Дипломдық жұмыс жеке орындалады. Дипломдық жобаларды орындауда жоба тобының ең көп құрамын жоба тақырыбы, практика базасының мүмкіндігі немесе тапсырыс берушінің сұранысын ескере отырып мектеп анықтайды. Жобалық топ әдетте бір немесе бірнеше жетекшімен жұмыс істейтін 2-3 адамнан тұрады. Егер пәнаралық жоба болса, жоба тобы 3-5 адамнан тұруы мүмкін, бұл жағдайда жетекшілер әр мамандықтан / білім беру бағдарламасынан тағайындалады.
- 2.6. Дипломдық жұмыстардың / жобалардың жетекшілері білім алушылардың жұмысын бақылап отыруы және үнемі байланыста болуы қажет.
- 2.7. Білім алушылардың дипломдық жұмыстары / жобалары бойынша жұмыс барысын мектептер дербес анықтайды. Мектеп Кеңесі диплом жұмыстарын / жобаларды дайындау, орындау, рәсімдеу ережелері мен алдын-ала қорғау үдерістерін анықтау мақсатында әдістемелік нұсқаулықтарды бекітеді. Нұсқаулықты дайындау кезінде, осы Ереже, Әдеп кодексі, Академиялық адалдық туралы ереже, «Нархоз университеті» АҚ білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы ережесі нормаларын басшылыққа алады.

3. Қорытынды ережелер

- 3.1. Бұл Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі. Бұл Ереженің әрекет ету мерзіміне шек қойылмайды.
- 3.2. Ереженің келесі аудитінің мерзімі - қажет болғанша. Аудитті өткізу үшін жауапты – Оқу-әдістемелік басқармасының бастығы

Құрастырушылар:



Н. В. Дальке
Оқу-әдістемелік басқарма бастығы

Кеңсе
тексеру туралы белгісі



Б.Б. Болатбек
Кеңсе бастығы